

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
  
«Күләш Байсейітова атындағы  
дарынды балаларға арналған  
респубикалық  
мамандандырылған музыкалық  
орта мектен-интернаты»  
Респубикалық мемлекеттік  
mekemесі

**ЛАУАЗЫМДЫҚ  
НҰСҚАУЛЫҚ**

Республиканское государственное  
учреждение «Республиканская  
средняя специализированная  
музыкальная  
школа-интернат для одаренных  
детей имени Кулиш Байсейтовой»

Министерства культуры и спорта  
Республики Казахстан

**ДОЛЖНОСТНАЯ  
ИНСТРУКЦИЯ**

1.03.2021 ж.

дата

Алматы қ.

№ 10

г. Алматы

**Бекітемін:**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
«Күләш Байсейітова атындағы  
дарынды балаларға арналған  
респубикалық  
мамандандырылған музыкалық  
орта мектен-интернаты» РММ  
Директоры


Абдрашев Б.Т.  
2021 ж. « 1 » 03

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНІ МҰҒАЛІМІ**

Әзірлеген:

Директордың оку жөніндегі орынбасары		Мусрепова М.С.	26.02.2021
--------------------------------------	---	----------------	------------

Келісілген:

Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	26.02.2021
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	26.02.2021
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	26.02.2021
Зангер		Болсамбеков Н.А.	26.02.2021
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

## **МАЗМҰНЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	3
2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	3
3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ .....	5
4. ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	7
5. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	8
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ .....	8
ТАНЫСУ ПАРАФЫ .....	9

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы лауазымық нұсқаулық КР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығымен бекітілген, КР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының негізінде өзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музикалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) жалпы білім беру пәндері мұғалімдерінің (бұдан әрі – мұғалім) қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Мұғалім педагогикалық жұмыскерлер санатына жатады.

4. Мұғалім Мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады. Мұғалімдердің қызметіне басшылықты директордың оқу жөніндегі орынбасары және бөлім менгерушісі жүзеге асырады.

5. Мұғалім өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы, мемлекеттік білім беру стандарттарын, үлгілік оқу жоспарларын, жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;
- 2) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік күжаттарды;
- 3) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

## **2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

1. Мұғалім лауазымына тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткенін раставтын құжаты бар, немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі бар адам тағайындалады, оның жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

- және (немесе) жоғары деңгейдегі біліктілігі бар болған жағдайда «педагог-шебер» үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.
- және (немесе) жоғары және орта деңгейдегі біліктілігі бар болған жағдайда «педагог-модератор» үшін - кемінде 2 жыл, «педагог-сарапшы» үшін - кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін - кемінде 4 жыл.

2. Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

- 1) "педагог" (санаты жоқ):
  - білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлап ұйымдастыра біледі,

Лауазымдық нұсқаулық	Жалпы білім беру пәні мұғалімі
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ	9-нан 3 бет

- білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім беру үйымының деңгейінде іс-шараларға қатысады;

- білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асырады, кәсіптік-педагогикалық диалог дағдыларын менгерген, білім берудің цифрлық ресурстарын пайдаланады.

**2) «педагог-модератор»:**

- «педагог» санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар:

- оқытудың инновациялық нысандарын, әдістері мен құралдарын пайдаланады, тәжірибелі жинақтайды, Мектеп деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуышылары болуы тиіс;

**3) «педагог-сарапшы»:**

- «педагог-модератор» санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар:

- үйимдастырылған оқу қызметтерін талдау дағдыларын менгерген;
- тәлімгерлікті іске асырады және конструктивті түрде Мектеп деңгейінде жеке өзінің және әріптестерінің кәсіби дамуының басымдықтарын анықтайды;

- қала/өңір деңгейінде тәжірибелі жинақтайды, Мектеп деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуышылары болуы тиіс;

**4) «педагог-зерттеуші»:**

- "педагог-сарапшы" санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар:

- сабакты зерттеу және бағалау құралдарын өзірлеу дағдыларын менгерген;

- білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді;
- білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді;
- педагогикалық қоғамдастықта аудан, қала деңгейінде тәлімгерлікті жүзеге асырады және даму стратегиясын конструктивті анықтайды;

- облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибелі жинақтайды;

- облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуышылары болуы тиіс;

**5) «педагог-шебер»:**

- «педагог-зерттеуші» санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар:

- авторлық бағдарламалары бар болуы және облыстық оқу-әдістеселік кеңесте немесе республикалық оқу-әдістемелік кеңесте макулданған, окулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болуы;

- ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді;

Лауазымдық нұсқаулық	Жалпы білім беру пәні мұғалімі
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМІ» РММ»	9-нан 4 бет

- тәлімгерлікті жүзеге асырады және облыс деңгейінде кәсіби бірлестіктердің желісін дамытуды жоспарлайды;

- республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы болуы немесе республикалық және халықаралық конкурстарға қатысушыларды даярлаған болуы тиіс.

3. Мұғалім төмендегілерді білуге міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;

2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;

3) Бала құқығы туралы Конвенцияны;

4) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Бала құқықтары туралы» Зандарын;

5) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді;

6) оқу пәннің мазмұнын, оқу-тәрбие процессін, оқыту және бағалау әдістемесін;

7) педагогика мен психологияны;

8) пәнді оқыту әдістемесін, тәрбие жұмысын, оқыту құралдарын және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін;

9) білім берудің және педагогикалық ғылымның негізгі бағыттары мен даму перспективаларын;

10) оқу кабинеттері мен қосалқы үй-жайлардың жабдықталуына қойылатын талаптарды;

11) құқық және еңбекті ұйымдастыру, экономика негіздерін;

12) қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

### 3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

1. Мұғалім оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес және «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасының негізінде білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады.

2. Музыкаға дарынды білім алушы мен тәрбиленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, музыкаға дарынды оқушылардың жеке қабілеттерін анықтайтын және дамытуға ықпал етеді.

3. Музыкаға дарынды оқушыларды оқыту ерекшелігін ескере отырып, оқудың жаңа тәсілдерін, тиімді түрлерін, әдістері мен құрылдарын пайдаланады. Оқу бағдарламаларын, оның ішінде музыкаға дарынды оқушыларға арналған бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысады, бейімделген бағдарламаларды, оқытатын пән бойынша интеграцияланған курстарды дайындайды, олардың оқу жоспарынат және оқу процессінің кестесіне сәйкес толық көлемінде іске асырылуын қамтамасыз етеді.

4. Қысқа мерзімді жоспарларды, бөлімдер мен тоқсанның суммативті бағалауына арналған тапсырмаларды жасайды.

5. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген деңгейден төмен емес пәндік нәтижелерін, жүйелі-қызметтік, тұлғалық жетістіктерін қамтамасыз етеді.

6. Әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастырының, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады. Жеке педагогикалық тәжірибесін жинақтауға және басқа мұғалімдердің тиімді тәжірибесін трансляциялауға белсене қатысады.

7. Ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысады.

8. Ата-аналарға консультация береді. Ата-аналармен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

9. Кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін жоғарлатады. Курстарда өз біліктілігін жүйелі түрде арттырады, белгіленген тәртіpte аттестаттаудан өтеді.

10. Білім беру саласындағы уәкілетті органдар өткіzetін әдістемелік бірлестіктердің, пәндік секциялардың қызметіне және әдістемелік жұмыстың басқа да түрлеріне қатысады.

11. Педагогикалық кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарына, қажет болғанда өндірістік кеңестердің, директор өткіzetін кеңестердің жұмысына және т.б. қатысады.

12. Ақпараттық-коммуникациялық дағдылары бар, электрондық журналдарды толтырады, түрлі білім беру порталдарын, платформаларын, оқу бағдарламаларын (Kundelik.kz., Bilimland.kz., Daryn.online, Zoom, Microsoft Teams, Class Room және т.б.), Интернат құралдары мен коммуникация желілерін пайдаланып, онлайн және қашықтық форматында жұмыс істей алады. Оқушы мен тәрбиеленушілер арасында кибермәдениет пен кибергигиена дағдыларын дамытады.

13. Өз пәні бойынша бақылауды жүзеге асырады және оқыту қызметінде білім алушыларға көмекті үйимдастырады, төмен үлгерімнің себептерін анықтап, оларды жоюды акысыз үйимдастырады. Өз пәні бойынша әрбір оқушы үшін қолайлы ахуал мен моральдық-психологиялық климатты құруға ықпал етеді.

14. Оқыту сабактарына қатысуға, күнделіктер жүргізуге және пән бойынша баға қоюға, мектепте мінез-құлыш өрежелерін ұстануға, оқушылардың сыртқы келбетіне, аяқ киім ауыстыруына қойылған талаптарды сақтауға бақылау жүргізеді.

15. Өзіне бекітілген кабинетте санитариялық талаптардың орындалуын бақылайды және еңбек шарты мен Мектеп директорының бұйрықтарына сәйкес жиһаз берен күрал-жабдықтардың бүлінуі үшін материалдық жауапты болады.

16. Қауіпсіздік және еңбекті корғау, өртке қарсы қорғау өрежелері мен нормаларын, сондай-ақ қүрал-жабдықтарды пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын орындаиды.

17. Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді, зардап шеккенге дәрігерге дейінгі

Қызметтік нұсқаулық	Жалпы білім беру пәні мұғалімі
«К.Байсейітова атындағы дарынды балалрга арналған РММОМИ» РММ	9-нан 6 бет

4. Қысқа мерзімді жоспарларды, бөлімдер мен тоқсанның суммативті бағалауына арналған тапсырмаларды жасайды.

5. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген деңгейден төмен емес пәндік нәтижелерін, жүйелі-қызметтік, тұлғалық жетістіктерін қамтамасыз етеді.

6. Әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастырының, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады. Жеке педагогикалық тәжірибесін жинақтауға және басқа мұғалімдердің тиімді тәжірибесін трансляциялауға белсене қатысады.

7. Ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысады.

8. Ата-аналарға консультация береді. Ата-аналармен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

9. Кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін жоғарлатады. Курстарда өз біліктілігін жүйелі түрде арттырады, белгіленген тәртіпте аттестаттаудан өтеді.

10. Білім беру саласындағы уәкілетті органдар өткізетін әдістемелік бірлестіктердің, пәндік секциялардың қызметіне және әдістемелік жұмыстың басқа да түрлеріне қатысады.

11. Педагогикалық кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарына, қажет болғанда өндірістік кеңестердің, директор өткізетін кеңестердің жұмысына және т.б. қатысады.

12. Ақпараттық-коммуникациялық дағдылары бар, электрондық журналдарды толтырады, түрлі білім беру порталдарын, платформаларын, оқу бағдарламаларын (Kundelik.kz., Bilimland.kz., Daryn.online, Zoom, Microsoft Teams, Class Room және т.б.), Интернат құралдары мен коммуникация желілерін пайдаланып, онлайн және қашықтық форматында жұмыс істей алады. Оқушы мен тәрбиеленушілер арасында кибермәдениет пен кибергигиена дағдыларын дамытады.

13. Өз пәні бойынша бақылауды жүзеге асырады және оқыту қызметінде білім алушыларға көмекті ұйымдастырады, төмен үлгерімнің себептерін анықтап, оларды жоюды ұйымдастырады. Өз пәні бойынша әрбір оқушы үшін қолайлыш ахуал мен моральдық-психологиялық климатты құруга ықпал етеді.

14. Оқыту сабактарына қатысуға, құнделіктер жүргізуге және пән бойынша баға қоюға, мектепте мінез-құлық ережелерін ұстануға, оқушылардың сыртқы келбетінен, аяқ киім ауыстыруына қойылған талаптарды сақтауға бақылау жүргізеді.

15. Өзіне бекітілген кабинетте санитариялық талаптардың орындалуын бақылайды және еңбек шарты мен Мектеп директорының бүйректарына сәйкес жиһаз бер құрал-жабдықтардың бүлінуі үшін материалдық жауапты болады.

16. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын, сондай-ақ құрал-жабдықтарды пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын орындаиды.

17. Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді, зардал шеккенге дәрігерге дейінгі

көмек көрсету шараларын қабылдайды, басшылық пен ата-аналарды жазатайым оқиға туралы жедел хабардар етеді.

18. Білім алушыларға оқу сабактарында, тәрбиелеу іс-шараларында еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқама жүргізіп, сыннып журналында немесе «Еңбек қорғау және қауіпсіздік бойынша оқушыларға нұсқама жүргізу журналында» міндетті тіркеу жүргізеді;

19. Мұғалім оқу кабинеті менгерушісінің міндеттерін орындаған кезде:

- өз кабинетінің паспортизациясын өткізеді;
- оқу бағдарламасын өткізу үшін кабинетті кажетті әдістемелік құралдармен, аспаптармен, техникалық оқыту құралдарымен толықтырады;
- «Түгендеу өткізу туралы» директордың бүйрығына сәйкес жарамсыз мүлікті белгілеген тәртіпте есептен шығарады;
- кабинетте еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өзірлеуге қатысады.

20. Мұғалім оқушылардың жол жүру ережелерін, тұрмыстағы мінезд-құлық қағидаларын және т.б. үйренуін ұйымдастырады.

21. Білім алушылардың қорытынды және аралық аттестаттау жөніндегі емтиханының комиссиясында жұмыс істейді.

22. Білім беру саласындағы уәкілді орган тізбесін бекіткен құжаттарды толтырады. Белгіленген құжаттаманы сапалы және уақытылы әзірлеп, оқу бөліміне тапсырады.

23. Сабактарды және көрсетілген үй-жайлардың кестесіне сәйкес басқа да іс-шараларды өткізеді.

24. Ұйымда білім беру процесінің барлық қатысушыларының, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен «Құндылытарға негізделген білім» тұжырымдамасын енгізеді.

25. Білім алушылар, тәрбиеленушілер арасында сыйбайлас жемқорлыққа қары мәдениетті, академиялық адалдылық принциптерін сіңіреді.

26. Мектепте, тұрмыста, қоғамдық орындарда педагогтің мәртебесіне сай келетін мінезд-құлықтың әдеп нормаларын сактайды.

#### 4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Мұғалімнің мынадай құқықтары бар:

- 1) кесіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 2) өзінің кесіби және оқу-тәрбие қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;
- 3) кесіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
- 4) Мектептің оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;
- 5) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;
- 6) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектептің оқу-тәрбие қызметі мен ішкі тәртіптеме қағидаларын орындауға байланысты мәселелерді

Лауазымдық нұсқаулық	Жалпы білім беру пәні мұғалімі
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМІ» РММ»	9-нан 7 бет

шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға, ӘБ жетекшісінің міндеттерін орындауға;

7) оқушыларды көтермелеу бойынша ұсыныстар енгізуге;

8) оқушылардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауға және ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларына сәйкес оқушыға тәртіптік әсер ету шараларын қабылдауға;

9) өз құзыреті шегінде Мектеп мұдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;

2. Мұғалімнің Қазақстан Республикасының Конституциясында, Еңбек Кодексінде, ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Зандарында, мектеп Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ишкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында көзделген құқықтары бар.

## 5. ЖАУАПКЕРШІЛК

1. Мұғалім Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

1) өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін;

2) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;

3) жоспарлы тапсырмаларды орындамағаны үшін;

4) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

2. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіpte педагог оқушылардың құқықтары мен еркіндіктері бұзылғаны үшін жауапты болады. Білім алушының тұлғасына тәни және (немесе) психикалық зорлық-зомбылыққа байланысты тәрбиелу әдістері қолданылғаны үшін мұғалім ҚР заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылуы мүмкін.

## ӨЗГЕРИСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ

Тіркеу номірі	Тіркеу күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4
№ 1	20.03.2024ж.	3 Тарау, 13 пункт: оларды жоюды «ақысыз» ұйымдастырады	

**ТАНЫСУ ПАРАФЫ**

<b>№ р/с</b>	<b>Құжатпен танысқан адамның аты-жөні</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Колы</b>	<b>Күні</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>
1.	Дтандулаев	мұғалім.	Дан	03.03.21.
2.	Далекова Н.Н	мұғалім	Далек	03.03.21.
3.	Акылбеков Б.А.	мұғалім	Б.А.	03.03.21
4.	Сейтхан А.Б	мұғалім	А.	02.03.21
5.	Нұржасми Н.	мұғалім	Нұрж	03.03.21.
6.	Соколова А.А.	мұғалім	Соу	05.03.21
7.	Абенов Р.Р.	мұғалім	Р.Р.	10.03.2021
8.	Ерназанбергали А.Ж.	мұғалім.	А.Ж.	10.03.2021.
9.	Корганбеков Н.	мұғалім	Кор.	10.03.2021.
10.	Күспашова Н.Ч.	мұғалім	Н.Ч.	17.03.21
11.	Жекеседаев, Р.Р.	мұғалім	Р.Р.	25.03.21.
12.	Дайбасенова З.	мұғалім.	З.Дайб.	26.03.21
13.	Абекеева Е.Д.	мұғалім	Е.Д.	26.03.21.
14.	Абдисалімов Т.Ж.	мұғалім	Т.Ж.	26.03.21.
15.	Баязитова Н.К.	мұғалім	Н.К.	26.03.21
16.	Санжарова З.К.	мұғалім	З.К.	26.03.21
17.	Молдабеков Ш.Б.	мұғалім	Ш.Б.	26.03.21

Лауазымдық нұсқаулық

Жалпы білім беру пәні мұғалімі

«К. Байсеитова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»

9-нан 9 бет

**Таныстыру парагы**

<b>№</b>	<b>Күжатпен танысқан адамның ФАӘ</b>	<b>Қызметі</b>	<b>Қолы</b>	<b>Күні</b>
1	2	3	4	5
18	Синиришев Ж.Н.	мұғалім	Синірішев	26.03.2021
19	Юргай А.И	мұғалім	Юргай	26.05.2021
20.	Бейсембеке С.С.	мұғалім	Бейсембеке	26.03.2021
21	Соракимов М.М	мұғалім	Соракимов	7.04.2021
22	Султанова Б.К	сөз жазычесі	Султанова	8.04.2021
23	Айтханасиев С.З	мұғалім	Айтханасиев	23.04.2021
24	Шаигабарова А.Б	мұғалім	Шаигабарова	5.05.21
25.	Жандосгалиева Г.	мұғалім	Жандосгалиева	21.05.21 ж
26.	Каримжан М.	мұғалім	Каримжан	27.05.21 ж
27.	Канкышбаева А.Р.	мұғалім	Канкышбаева	27.05.21 ж.
28.	Бекмәсіев Т.А.	мұғалім	Бекмәсіев	27.08.21
29	Тұндашбаева Н.Р	мұғалім	Тұндашбаева	31.08.21.
30	Ардағұл Баитұ	мұғалім	Ардағұл	31.08.21
31	Дүргешекенов Ч.Д	мұғалім	Дүргешекенов	31.08.21
32	Берендейкова А.Н	мұғалім	Берендейкова	31.08.21.
33	Полдамова Г.Б.	бастаудыр, сөзесік мұғалім	Полдамова	01.09.22

Лауазымдық нұсқаулық	Жалпы білім беру пәні мұғалімі
«Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ	9-нан 10 бет

## Таныстыру парағы

## Таныстыру парағы

Лауазымдық нұсқаулық «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ	Жалпы білім беру пәні мұгаллімі 9-нан 12 бет
--	---